

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ  
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.10.2023ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: э.ғ.к. С.Қалтаева, А.Сапарова, Р.Тажимаева, Г.Байбосынова, PhD М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, Г.Султанхановаға в.ғ.в оқытушылар А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері және аудитору З.Бегімбетов, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БҚҚО-ның басшысы Е.Дүйсембаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; білімгерлер өкілдері 6В04143 ББ білімгері Асылбек Қымбат, 6В04144-Қаржы ББ білімгері Орынбек Зарина, 7М04141-Қаржы ББ магистранты Досанов Бақдаулет, 8D04114- Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ докторанты Көлбаева Әйгерім т.б.

Кворум сақталған.

**Күн тәртібі:**

1. Соңғы үш жыл бойына абитуриенттер қабылданбаған ББ -ды жабу туралы
2. Әр ББ бойынша оқу процессінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерімен қамтамасыз етуі
3. Қонақ дәрістері тиімділігінің мониторингісін жүргізу

Тыңдалды:

**1. Соңғы үш жыл бойына абитуриенттер қабылданбаған ББ -ды жабу туралы мәселеге қатысты АҚ мүшесі Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Г.Момбекова сөз алып,** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту» туралы 12.10.2022 жылғы №106 бұйрығының 29 тармағы 5 тармақшасына сәйкес, бағдарламаның өзектілігін жоғалтуы (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы); 7М04143- Адам ресурстарын басқару білім беру бағдарламасы ББ реестрінен шығаруға ұсынды.

**2. Әр ББ бойынша оқу процессінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерімен қамтамасыз етуі** мәселе бойынша бизнес және басқару даярлау бағытының ББ-ы бойынша Экономика, қаржы және есеп кафедрасының д.м.а А.Сапарова, Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Г.Момбекова сөз алды. Өз сөзінде олар 2 және 8 қосымшалар әзірленіп, университет кітапханасының басшысына ұсынылғаны, сонымен қатар, қосымшаларды дайындауда бір шама мамандырылған пәндерден 2 қосымшаның «оқу-әдістемелік құралдар» бөлігі әдебиеттермен толық қамтылмаған деп кемшіліктер орын алғаны туралы айтып кетті. Бұл мәселе АҚ мүшелері мен «Экономика, қаржы және есеп», «Менеджмент және мемлекеттік басқару» кафедралар меңгерушілерімен бірлескен отырысында қаралып, ОПҚ тарапынан оқу-әдістемелік құралдарды дайындап баспадан шығаруы, сонымен қатар баспаларға тапсырыс беруі жоспарлансын деп шешім қабылданды.

**3.Қонақ дәрістері тиімділігінің мониторингісін жүргізу мәселе бойынша АК мүшесі С.Қалтаева сөз алып** Озық білімді енгізу, тарату және қолдану және оқыту сапасын жақсарту мақсатында мамандарға жетекші жоғары оқу орындарының шетелдік ғалымдары шақырылады деп Академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру мақсатында 2023-2024 оқу жылының күзгі семестрінде «Орхун» академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында тәжірибе алмасу үшін, шетелдік жоғары оқу орындарынан кестеде аты-жөні көрсетілген профессор-оқытушылар келіп дәрістер мен тренинг, мастер кластар жүргізілгені туралы мәліметті кестеде көрсетті:

| № | Тегі, аты      | Ғылыми дәрежесі, атағы | ББ атауы                                      | Мерзімі               | ЖОО   |
|---|----------------|------------------------|---|-----------------------|---|
| 1 | Огуз Йылдырым  | Профессор, доктор      | 6B04142- Экономика                            | 04.09.-<br>15.09.2023 | Түркия, Алания Аладин Кейкубат университеті   |
| 2 | Дилшат Гузел   | Доктор                 | 6B04142- Экономика                            | 23.10.2023            | Түркия, Ататүрік Университеті                 |
| 3 | Максуд Мирзаев | Оқытушы                | 6B04142- Экономика<br>6B04143-Есеп және аудит | 04-<br>12.09.2023     | Азербайжан Мемлекеттік Экономика университеті |
| 4 | Хункар Гулен   | Доктор                 | 6B04144- Қаржы                                | 04.09.-<br>15.09.2023 | Түркия, Нигде Өмер Халистемир университеті    |
| 5 | Айтен Алеш     | Профессор, доктор      | 6B04140- Менеджмент                           | 14.08.-<br>18.08.2023 | Түркия, Каподокия университеті                |

**АК төрағасы М.Оспанкулова** сөз алып, ХҚТУ-да білім беру және ғылыми процестерді интернационалдандыруды арттырудың негізгі индикаторларының бірі дәрістер оқу, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, ғылыми зерттеулер жүргізу, PhD докторанттарымыз үшін шетелдік ғылыми жетекшілер ретінде басшылық ету, ғылыми іс-шараларға қатысу үшін жетекші шетелдік жоғары оқу орындарынан шетелдік профессорларды тарту болып табылады деп, Университетке шетелдік ғалымдарды тарту жөніндегі жұмыс шетелдік серіктес университеттермен ынтымақтастық процесінде және университеттің алдын ала уағдаластығы мен қажеттілігіне сәйкес тұрақты түрде жүргізілетіндігін, шетелдік ғалымды шақырудың негізгі критерийлері мен алғышарттарына тоқталып кетті:

- ғалымның халықаралық академиялық қоғамдастықтағы беделі, ол жұмыс тәжірибесімен, халықаралық қызмет тәжірибесімен, ғылыми басылымдардағы жарияланымдармен, тиісті қызмет саласындағы ғалымдардың ұсынымдарымен расталады;
- шетелдік маманның болу мақсаттарының стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге, ХҚТУ-нің және оны шақыратын құрылымдық бөлімшенің дамуының басым бағыттарына сәйкестігі.

Шетелдік ғалымдарды шақыру білім алушылардың құзыреттерін білім беру процесіне еуропалық көзқарас тұрғысынан жаңа білім мен оқыту әдістері арқылы дамытуға мүмкіндік береді. Шетелдік ғалымдарды шақыру университетте оқытуды интернационалдандыруға бағытталған, Болон процесі қағидаттарын белсенді енгізуді ынталандырады, университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, университеттің қоғамдағы тартымды имиджін қалыптастырады, сонымен қатар студенттер мен оқытушылардың ағылшын тіліндегі академиялық коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді деп ғалымдарды тарту университеттің профессорлық-оқытушылық құрамын

кәсіби дамыту, сондай-ақ түрлі академиялық және ғылыми мәселелер бойынша консультациялар беру мақсатында жүзеге асырылатынын баяндады.

Шетелдік ғалымдар келіп, шетелдік маманның болуы аяқталғаннан кейін сапардың барлық жоспарланған мақсаттарының орындалуы, оның нәтижелілігі және одан әрі ынтымақтастықтың перспективалары туралы есеп берілуі, сонымен қатар сапардың ББ-ның даму стратегиясына сәйкес келуі және ұзақ мерзімді оң әсер етуі өте маңызды екенін, берілетін өтінімдер мен мәртебесі бар шақырылатын шетелдік мамандар санының айтарлықтай өсуі байқалатынын атап өтті.

**Шешім:**

1. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын
2. ОПК тарапынан оқу-әдістемелік құралдарды дайындап баспадан шығаруы , сонымен қатар баспаларға тапсырыс беруі жұмыстары жүргізілсін
3. Шетелдік ғалымдар келіп, шетелдік маманның болуы аяқталғаннан кейін сапардың барлық жоспарланған мақсаттарының орындалуы, оның нәтижелілігі және одан әрі ынтымақтастықтың перспективалары туралы есеп берілуі қадағалансын

АК төрағасы:  
Хатшысы;

*elldo*  
*Sulthanova*

М.Оспанкулова  
Г.Султанханова